

плановой вакцинации, так как в дальнейшем в большинстве случаев она позволит избежать заражения.

Сотрудниками Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ) были разработаны 3 эффективные стратегии. Они направлены на снижение риска развития синдрома врожденной краснухи, циркуляции вирусных частиц в человеческой популяции.

Подводя итог, можно сказать, что инициатива по борьбе против краснухи стремится обеспечить, отсутствие летального исхода от инфекции или исключение рождения с синдромом врожденной краснухи; ее целью также является сокращение числа случаев смерти от краснухи на 95% к 2019 году и ликвидация краснухи к 2025 году, по крайней мере, в пяти регионах ВОЗ.

В 2018 году ИБКК начала осуществление нового Глобального стратегического плана по борьбе против эпидемических вирусных заболеваний, который охватывает период 2019-2025 годов [2].

Министерство здравоохранения Республики Казахстан, поддерживая инициативу ВОЗ, приказом №450 от 29.06.2015 г. «Об утверждении плана мероприятий по ликвидации краснухи и профилактике синдрома врожденной краснухи в Республике Казахстан на 2016-2020 годы» осуществляет элиминацию этих инфекций [3]. Здравоохранение Костанайской области в полном объеме осуществляет профилактическую работу для избежания заражением этой опасной инфекцией.

Список литературы:

1. ВОЗ. Информационный бюллетень № 286, ноябрь 2015г. Глобальный стратегический план по борьбе против кори и краснухи на 2012-2020 гг. URL: <http://www.who.int/mediacentre/factsheets/fs286/ru/> 2 WHO. ISBN 978 92 4 150339 6 GlobalMeaslesandRubellaStrategicPlan 2012-2020
2. ВОЗ. Информационный бюллетень № 366, ноябрь 2015 г. Краснуха. URL. <http://www.who.int/mediacentre/factsheets/fs367/ru/>
3. Приказ МЗ РК №450 от 29.06.2012 г. «Об утверждении плана мероприятий по элиминации краснухи, краснухи и профилактике синдрома врожденной краснухи в Республике Казахстан на 2015-2020 годы».
4. Амиреев С.А., Есмагамбетова А.С., Куатбаева А.М. и др. «Иммунизация на практике» Национальное руководство, Алматы: 2014. – 244 с.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖЫНЫСЫНА ЖӘНЕ ҰЛТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Пірназарова А. Н.¹, Суюндикова Ж.Т.²

¹Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық
Университеті,

Қостанай қ., «Биология» мамандығының 4 курс студенті

²Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық
Университеті, Қостанай қ., биология магистрі

Аннотация: Мақала Қазақстанда тұратын ҚМПУ студенттерінің психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Реактивті және жеке мазасыздану, нейротизм деңгейі, интроверттілік, жүйке жүйесінің күші, темперамент түрі, ми асимметриясы бойынша студенттердің жыныстық және этникалық

ерекшеліктері көрсетілген. Нәтижесінде студенттердің психофизиологиялық мәртебесінің тек жыныстық ғана емес, этникалық ерекшеліктері анықталды.

Түйін сөздер: студенттер, психофизиологиялық ерекшеліктер, этностық ерекшеліктер, темперамент, жүйке жүйесінің күші.

Аннотация: Статья посвящена изучению психофизиологических особенностей студентов КГПУ, проживающих в Казахстане. Отражены половые и этнические особенности студентов по реактивной и личностной тревожности, уровню нейротизма, интровертированности, силы нервной системы, типа темперамента, межполушарной асимметрии мозга. В результате выявлены не только половые, но и этнические особенности психофизиологического статуса студентов.

Ключевые слова: студенты, психофизиологические особенности, этнические особенности, темперамент, сила нервной системы.

Annotation: The article is devoted to the study of the psychophysiological characteristics of KSPU students living in Kazakhstan. The gender and ethnic characteristics of students are reflected in reactive and personal anxiety, the level of neurotism, introversion, the strength of the nervous system, such as temperament, interhemispheric asymmetry of the brain. As a result, not only sexual, but also ethnic characteristics of the psychophysiological status of students were revealed.

Key words: students. psychophysiological features, ethnic characteristics, temperament, nervous system strength.

Өзектілігі: Заманауи өмір сүру шарттары студенттердің денсаулығы мен интеллектуалдық мүмкіндіктеріне жоғары талаптар қояды. Білім беру бағдарламаларын жаңғырту, оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану, ақыл-ой қызметін интенсификациялау заманауи студенттерде бейімделу механизмдерінің бұзылуына алып келетін компенсаторлық-бейімделгіш механизмдердің шиеленісуін тудырады. Сонымен қатар, студенттің соматикалық және психикалық денсаулығы тиімді оқытудың қажетті шарты болып табылады [1].

Жас ұрпақтың денсаулығын сақтау мәселесі оқу жағдайларына бейімделуі тұрғысынан қаралуы мүмкін. Студенттердің бейімделу деңгейіне өмір сүру аймағының экологиялық, климатогеографиялық және әлеуметтік жағдайлары ғана емес, адамның психофизиологиялық және психоэмоционалдық жағдайының ерекшеліктері де әсер ететіні белгілі [2].


Әр түрлі жағдайларда жеке тұлғаның мінез-құлқы өзіне тән темперамент пен жеке сипаттамаларға байланысты. Әсіресе бұл стрессорлық факторларға байланысты жағдайларда және төтенше жағдайларда айқын көрінеді. Жеке тұлғаның жеке ерекшеліктері ағзаның дамуының морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктерімен ғана емес, сонымен қатар этнопсихологиялық құрамдастарымен де байланысты және әлеуметтік-экономикалық және мәдени факторлардың әсерінен қалыптасады [3].

Зерттеудің мақсаты: студенттердің жыныстық және ұлттық ерекшеліктеріне байланысты психофизиологиялық ерекшеліктерін салыстыру.

Зерттеу әдістері: «Өзін сөзінуді, белсенділік, көңіл-күй» әдістемесі, Ч. Д. Спилбергер және Ю. Л. Ханниннің «Реактивті және тұлға мазасыздық деңгейін анықтау» әдістемесі, Айзенктің темпераментті анықтау әдістемесі, мидың оң және сол жақ жартышарларының функционалдық асимметрияның үстемдігін анықтауға бағытталған әдістеме, Е. П. Ильиннің психомоторлы көрсеткіштері бойынша жүйке жүйесінің қасиеттерін экспресс-диагностикалау «Теппинг-тест» әдістемесі қолданылды.

Студенттердің психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеу мақсатында 50 қазақ қызы, 50 орыс қызы, 50 қазақ жігіт, 50 орыс жігіттен 5 әдістеме бойынша сауалнамалар алынды. Зерттеудің нәтижесінде орыс студенттердің қазақ студенттерге қарағанда көңіл-күйлері көтеріңкі, өздерін жақсы сезінетіні анықталды. Дегенмен қазақ студенттердің орыс студенттерге қарағанда белсенділігі жоғары болып шықты (сурет 1).

Қазақ қыздары мен қазақ жігіттерінің тұлғалық және реактивті мазасыздық деңгейі көбісінде жоғары болып шықты, тұлғалық мазасыздық деңгейі төмен 2-4% ғана қазақ студенті анықталды. Ал орыс қыздарының 48% тұлғалық мазасыздық деңгейі орташа, 36% жоғары, 16% төмен екені анықталды. Орыс жігіттерінің қыздарға қарағанда тұлғалық мазасыздық деңгейі жоғары болды: 48% жоғары, 42% орташа, қалған аз бөлігінде тұлғалық мазасыздық деңгейі төмен. Ал реактивті мазасыздық деңгейлері орыс студенттер арасында жоғары, орташа, төмендердің саны теңесе түсті (сурет 2).




Сурет 1. Студенттердің ұлтына және жынысына байланысты өзін сезінуі, белсенділігі және көңіл-күйіндегі ерекшеліктері



Сурет 2. Студенттердің ұлтына және жынысына байланысты мазасыздық деңгейлерінің ерекшеліктері


Темперамент типін анықтау барысында студенттердің арасында меланхолик типі кең тарағаны анықталды, әсіресе қазақ қыздары мен жігіттерінің арасында басым болды. Орыс қыздары мен жігіттерінде холерик типі жиі кездескен. Қазақ қыздарының

24% холерик, 16% аралық тип, аз бөлігі флегматик пен сангвиник екендері анықталды. Ал орыс қыздарында холериктен кейін 32% меланхолик, 28% сангвиник және 16% аралық тип екені анықталған. Орыс қыздарының арасында флегматик типі анықталмаған. Қазақ жігіттерінің арасында 2-ші орында 26% флегматик типі кең тараған, одан кейін 18% холериктер мен 16% аралық типті жігіттер, ең аз бөлігі 8% сангвиниктер болып шыққан. Орыс жігіттерінің арасында холерик типінен кейін 28% сангвиниктер мен 22% меланхоликтер көп болған, аз бөлігі флегматик – 10% және 4% аралық темперамент типіне ие болған (сурет 3).



Сурет 3. Студенттердің ұлтына және жынысына байланысты темперамент типтерінің ерекшеліктері


Экстраверттердің ең көп бөлігі орыс жігіттерінен анықталған, зерттеуге қатысқан 56% сыналушының экстраверсия деңгейі жоғары болған. Ал интроверттердің басым бөлігі қазақ қыздары болса, қазақ жігіттерінің көбісі интроверсияға бейім екені анықталды. Орыс қыздарының 32% экстраверт, 30% экстраверсияға бейім болған (сурет 4).



Сурет 4. Студенттердің ұлтына және жынысына байланысты экстраверсия-интроверсия деңгейі


Қазақ қыздарының 44% нейротизм деңгейі жоғары болса, бұл көрсеткіш орыс қыздарында және қазақ жігіттерінде 36%, орыс жігіттерінде 30% көрсетті. Нейротизмнің орташа деңгейі қазақ жігіттерінде 52%, орыс қыздарында 42%, қазақ қыздары мен орыс жігіттерінде 36% болды. Нейротизм деңгейінің өте жоғары деңгейі

орыс жігіттерінде 22%, орыс қыздарында 18%, қазақ қыздарында 10%, қазақ жігіттерінде кездеспегені анықталды. Нейротизмнің төмен деңгейі қазақ және орыс жігіттерінде 12% (сурет 5), қазақ қыздарында 10%, орыс қыздарында 4% көрсетті.




Сурет 5. Студенттердің ұлтына және жынысына байланысты нейротизм деңгейі

Қазақ қыздарының да, жігіттерінің де моторлы және сенсорлы процестерінде оң жақ мидың үстемдігі анықталды (сурет 6). Қазақ студенттерінде моторлы және сенсорлы процесстердің функционалды қызметінде оң жақ мидың үстемдігі айқын анықталды, Орыс қыздары мен орыс жігіттерінде қарағанда ара салмағы азырақ болды.



Сурет 6. Студенттердің ұлтына және жынысына байланысты мидың функционалды ассиметриясының ерекшеліктері

Зерттеуге қатысқан 200 студенттің 103-інің жүйке жүйесінің әлсіз екені анықталды, әсіресе қазақ қыздарының 80% жүйке жүйесі әлсіз (сурет 7) болып шыққан. Сыналушы қазақ қыздардың арасында жүйке жүйесі күшті ешкімнің болмағаны анықталды. Ал қазақ жігіттерінің 26%, орыс қыз балаларының 20%, орыс балалардың 24% жүйке жүйесі күшті болған. Қазақ қыздарының 20%, орыс қыздарының 36%, қазақ жігіттерінің 24%, орыс жігіттерінің 38% жүйесінің күші орташа болғаны анықталды.



Сурет 7. Студенттердің ұлтына және жынысына байланысты жүйке жүйесінің күшінің ерекшеліктері

Қорытынды

Студенттердің ұлтына байланысты ерекшеліктері анықталды. Орыс студенттердің өздерін жақсы сезініп, көңіл-күйлерінің көтеріңкі жүруі және холерик болуы олардың басым бөлігі экстраверсия деңгейінің жоғары көрсеткіштерімен түсіндіріледі. Қазақ студенттер өздерін қалыпты сезініп, көңіл-күйлері орташа болып жүретіні және белсенділігі орыс студенттерге қарағанда жоғары екені анықталды. Жүйке жүйесінің әлсіздігі барлық зерттелген студенттерде 38-80% көлемінде байқалды, оның ішінде қазақ қыздарының арасында бұл көрсеткіш басым болды және күшті жүйке жүйесі тән сыналушылардың осы топтың ішінде анықталмады. Мұны зерттеуге қатысқан қазақ қыздарының жартысынан көбісінің нейротизм деңгейінің жоғары және өте жоғары болуы әсер етуі мүмкін. Оның үстіне қазақ қыздарының көбісі интроверт, интросессияға жақын типке ие болуы және меланхолик болуы да септігін тигізеді. Себебі меланхолик типі төрт темперамент типінің ішіндегі ең әлсіз, инертті тип, оның қозу, тежелу жүйке процестері өте баяулығымен ерекшеленеді. Қазақ жігіттері мен қазақ қыздарының арасында, орыс жігіттері мен орыс қыздарының арасында жүйке жүйесінің қызметінде көп айырмашылық байқалмады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Айзман, Р.И. Адаптация студентов к обучению в вузе в зависимости от этнонациональных особенностей // Онтогенез. Адаптация. Здоровье. Образование: учебно-методический комплекс. Книга III. Адаптация и здоровья студентов: учебно-методическое пособие / ред. коллегия: Е.Л. Руднева, Э.М. Казин, Н.Э. Касаткина и др.; отв. ред. Э.М. Казин. – Кемерово: Изд-во КРИПКИПРО, 2011. – Гл. 2. – С. 218–238.
2. Будук-оол Л.К. Адаптация студентов: этнопсихофизиологический аспект // Психологические проблемы бытия человека в современном обществе. Здоровье личности и ее адаптация / Материалы международной научно-практической конференции. - Магнитогорск: МаГУ, 2009. - С. 41-44.
3. Будук-оол Л.К. Психофизиологические особенности адаптации студентов // Фундаментальные и прикладные аспекты физиологии / Материалы научно-практ. конф. - Гродно: ГрГМУ. - 2009. - С. 23-26